

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Қуанышев Айбек Саматұлы

aibek.k_96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультетінің 3-курс студенті

Ғылыми жетекші-Э.А.Ашимова

Криминологиялық зерттеулер шынымен жасалған қылмыстар мен қылмыстардың статистикалық есебін жүргізетін құқық қорғау органдарына түскен қылмыстар туралы хабарламалар арасындағы ара-қашықтық айтарлықтай көп мөлшерде болып отқандығын көрсетті. Сондықтан статистикалық мәліметтер жасалған қылмыстардың саны туралы толық ақпаратты қамтымайды. Латенттік қылмыстылық бұл статистиканың шегінен тыс болып қалады.

Қылмыстылық көп жағдайларда жоғары латенттілігімен сипатталады. Тіпті кейбір адам өлтірулер өзін-өзі өлтірулер ретінде танылып, ал кейбіреулері мүлде жасырылады, қылмыс іздері жойылады. Әсіресе, латенттілік ұйымдасқан және кәсіби қылмыстық іс-әрекет жасалған кезде болады. Мұндай қылмыстық әрекеттердің маңызды сипаттарына мыналар жатады: анықтау мен қылмыстың ашылуынан кінәлілерді заңда белгіленген жауаптылыққа тартудан сақтайтын арнайы қорғаныс жүйесінің құрылуы; қылмыстарды ерекше жете бүркеу; оларға максималды түрде заңды қызметтің көрінісін беру[1,127].

Қылмыстылықтың латенттік бөлігінің сипаттамасы, масштабы себептер кешенімен байланысты, олардың ішінде маңызды рөлдердің бірін қылмыстылықпен күресетіндердің, криминолог-зерттеушілердің кәсіпқойлығы атқарады.

Қылмыстық, сот статистикаларын зерттеу кезінде әрдайым қылмыстылықтың латенттілігінің деңгейін анықтау мақсаты алға қойылуы тиіс. Мысалы, қылмыстылықтың өзгеруіне талдау жасау барысында латенттілік азайды ма, әлде көбейді ме және ол қылмыстылықтың статистикалық бейнесіне әсер етті ме, соны анықтау қажет. Бір аумақта барлық қылмыстарды мұқият тіркейді және соның есебінен ол жақтағы қылмыстылық деңгейі жоғары болып көрінеді, ал өзге аумақта қылмыстарды анықтамайды және оларды жасырады, сол себепті ол аумақта қылмыстылық деңгейі статистика бойынша төмен болып көрінуі мүмкін.

Қылмыстылықтың сапалық сипаттамаларын талдау кезінде келесідей мән-жайларды ескерген жөн: мысалы, жалпықылмыстық ұйымдаспаған қылмыстылық, әсіресе маскүнемдікпен байланысты және кәмелетке толмағандардың барлық қылмыстары жоспарланған, ұйымдасқан экономикалық қылмыстық қызметке қарағанда көп анықталуы мүмкін.

Әдеттегідей, аса ауыр қылмыстар айқын болып келеді, себебі олардың салдарын жасыру қиындық туғызады. Мысалы, адам өлтірулер жеңіл дене жарақаттарына қарағанда аз деңгейде латентті болып келеді, бағалы заттарды жымқырулар ұсақ жымқыруларға қарағанда тез арада анықталады. Басқа айта кететін мән-жай, бұндай қылмыстарды ашу әрдайым және бірден жүзеге асырыла бермейді. Бірақ қылмыстық статистика тек ашылған ғана емес, барлық тіркелген қылмыстарды қамтитындығын көңілге алған жөн.[2,76]

Қылмыстылықтың латенттік бөлігіне жасырын және жасырылған қылмыстар жатады.

Қылмыстылықтың жасырын бөлігі жасалған, бірақ сот пен құқыққорғау органдарына мәлім болмаған қылмыстар мен олардың жиынтығы есебінен құралады. Бұл түрлі себептер бойынша болады: жәбірленуші өз әмиянының ұрланғандығы жайлы хабарлаған жоқ, бақылаушы органдар полиция немесе прокуратура органдарына анықталған құқыққа қайшы әрекеттер туралы мәліметтерді берген жоқ немесе бақылаушы органдар мүлде тиімді қызмет етпейді. Мысалы, В.В.Астанин 1998-1999 жылдары құқыққорғау органдары тұтынушыларды алдаудың 44-63 мыңға жуық фактісін тіркегендігі туралы бекітті. Мемлекеттік сауда-саттық инспекция органдары екі аз мөлшерде мұндай жағдайларды анықтады: 26-28 мыңға жуық, ал

олар құқыққорғау органдарына тек 1 мыңға жуық фактілерді ғана жіберген.

Қылмыстылықтың жысырылған бөлігін құқыққорғау органдарына мәлім болған, бірақ белгілі бір себептермен қылмыстардың статистикасынан көрініс таппай қалған қылмыстар құрайды. Бұл жерде қылмыстар туралы арыздарды қарастырмау, әрекеттерді қылмыстық емес деп қате баға беру, қате процесті шешім, оның ішінде қылмыстық-процестік кодекстің баптарына қате сілтеме жасау, қылмыстардың бастапқы тіркеу карточкасын ресімдемеу, статистиканы құрастыру кезіндегі қате есептеулер, тіпті ЭЕМ-нің істен шығуы секілді себептер де орын алады. Кейде қылмыстарды есептеу қағидаларында есептен жаңылысулар да орын алады. [3,113]

Жалпы, латенттілік қылмыстылықпен күресуге міндетті адамдардың теріс ниетінің, абайсыздығының, кәсіпқой болмауының нәтижесі болады. Мұндай қылмыстылықтың деңгейін оның латенттілігін есепке ала отырып анықтауға мүмкіндік беретін әдістемелердің қатары бар.

Біріншіден, бұл статистикалық көрсеткіштер қатарын салыстырмалы талдау. Мысалы, адам өлтіру, денсаулыққа жеңіл, орта және ауыр зиян келтіру сандарын өзара салыстыру. Сот-медициналық экспертиза бюросының мәліметі бойынша, онжылдық ішінде түрлі аудандардағы ауыр дене зардаптарын алған бір тұлғаға одан жеңілдеу дене зардаптарын алған екі не одан көп адамнан, және 13-тен 22-ге дейін жеңіл зардапқа ұшыраған адамнан келеді. Ал ауыр дене зардаптарын алған адамдардың саны адам өлтіру мен зорлықпен жасалған адам өлтірулерден қаза болған адамдардың санынан әрдайым көбірек болып келеді. Сот-медициналық куәләндіру мұндай қылмыстар туралы ескертулер алған құқыққорғау органдарының бастамасымен жүргізіледі. Яғни, адам өмірі мен денсаулығына қарсы барлық қылмыстар өз алдына жоғарғы сатысы адам өлтірулерден басталып, негізі денсаулықтың бұзылуына алып келмеген жеңіл дене жарақаттарынан құралатын пирамида секілді болып келеді. Оның өспелі ретін айтар болсақ, ол жеңіл жарақаттардан соң ауырлығы орташа және ауыр дене жарақаттардан тұрады. Алайда, қылмыстық статистиканы талдау барысында бұл пирамида төңкерілген күйде көрінетін: жеңіл дене зардаптарын тигізу жағдайлары азғантай болып келсе, адам өлтірулер – көп тіркелген.

Бастапқы есепке алу карточкаларын, қылмыстық істерді, қылмыстар туралы мәліметтер мен арыздарды талдау кезінде өзара байланыс жағдайында келесілерді талдаған дұрыс:

А) қызғаныш, ұрыс-керіс салдарынан жасалатын қасақана адам өлтірулер және т.б. санын;

Б) дәл осындай салдарда денсаулыққа зиян келтіру фактілерінің санын.

Денсаулыққа зиян келтірулер туралы арыздар мен хабарларға жауап берудің заңдылығы мен уақыттылығына баға беріп отыру қажет. Криминологиялық зерттеулер, егер ұйымдасқан қылмыстық іс-әрекет туралы сөз болмаса, онда 80%-дан астам жағдайларда қасақана адам өлтірулердің алдында зорлау актілері немесе қорқыту әрекеттері орын алатының көрсетті.

Жоғарыда көрсетілген талдау меншікке қарсы қылмыстарға да қатысты қолданылады, оның ішінде ірі және өзге де мөлшердегі жымқыруларға қатысты. Одан бөлек, статистикалық мәліметтерді талдау кезінде прокурорлық және ведомстволық тексерістердің материалдары да есепке алынады. Негізінен, бұл орайда, ағымдағы жылда тіркелген қылмыстардың қанша пайызын алдыңғы жылдың қылмыстары құрайтыны анықталады.

Екіншіден, латенттілікті анықтау мақсатында қылмыстық статистиканың, азаматтық-құқықтық деликтілердің, әкімшілік және тәртіптік құқықбұзушылықтардың статистикасы салыстырылады. Сонымен қатар құқыққорғау, сот, бақылаушы органдар мен өзге де түрлі құқық қорғау ұйымдарының материалдары өзара байланыстырыла отырып талданады. Осылайша, егер, қылмыстық статистиканың мәліметтері бойынша қорлау мен жала жабу фактілерінің саны азайса, ал сот статистикасының мәліметтері бойынша азаматтардың ар-намысы мен абыройын қорғау туралы қарастырылған және қанағаттандырылған талап-арыздардың саны көбейсе, онда бұл қылмыстардың таралып жатқандығы айқын көрінеді, бірақ азаматтар өз мүдделерін қылмыстық-құқықтық қорғау тәсілдеріне жүгінуді қажет деп

таппайды. Егер, қылмыстық статистиканың мәліметтері бойынша тұтынушыны алдау фактілерінің саны өспесе, ал тұтынушылар қоғамының мәліметтері бойынша олар көп таралып жатқан болса, онда қосымша зерттеу жүргізу қажет.

Үшіншіден, қылмыстық статистиканың мәліметтері қылмыстар туралы арыздар, шағымдар, хабарламалармен сәйкестендіріледі, олардың қатарына тек құқыққорғау органдарына жіберілгендері ғана емес, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарына, өзге де ұйымдарға жіберілгендері де кіреді.

Төртіншіден, халықты арнайы анкета бойынша жүргізілген сауалнама мәліметтерімен салыстыру жүргізіледі. Мұндай нысандағы сауалнаманы криминологтар немесе олардың әдістемелік басқаруымен жүргізілуі тиіс, себебі бұл жерде латенттілік механизмін ескеру қажет және анкетаны криминологиялық тұрғыда дұрыс құру қажет. Сауалнама мәліметтерін бағалау кезінде оларды қылмыстық статистика мәліметтерімен сәйкестендіруге болмайтындығын ескерген жөн, себебі сауалнама кезінде жәбірленушілер саны анықталады, ал қылмыстық статистиканың негізгі мәліметтері тек жасалған қылмыстар мен қылмыскерлер санына қатысты болады. Бұл жағдайда жәбірленушілер тек тергелген қылмыстар бойынша ғана анықталады. Бір қылмыстан зардап шеккен бірнеше жәбірленуші болуы мүмкін. Одан бөлек, азаматтардың көбінесе оларға қатысты жасалған әрекетке дұрыс емес құқықтық баға береді. Мысалы, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын бұзақылық ретінде ұсақ бұзақылықты таниды, автокөлікті жымқыруды – оны жымқыру мақсатынсыз құқыққа қайшы иелену ретінде. [4,61]

Сауалнама парағындағы сұрақтарға мысал келтіретін болсақ, онда мынадай сұрақтар қарастырылған: «Сіз соңғы жыл ішінде қылмыстың құрбаны болдыңыз ба? Егер болсаңыз, онда қандай қылмыстың және сіз қандай әрекеттер жасадыңыз?». Көбінесе сауалнамадан өтушілердің жауаптарында көп таралған қылмыстар мен оларға қарсы әрекеттердің стандартты нұсқалары аталды. Мысалы, 2000 жылдардың басында сауалнамадан өтушілер көбінесе қылмыскерлермен өздері есеп айырысқандығы туралы жаза бастады. Кейінірек бұл жауап көп таралды.

Бұдан кейін, көбінесе «Егер Сіз қылмыс туралы құқыққорғау органдарына хабарламасаңыз, онда Сіз неге бұлай жасадыңыз?» және «Егер Сіз құқыққорғау органдарына қылмыс туралы хабарлаған болсаңыз, онда олардың әсері қандай болды?» деген сұрақтар қойылады. Содан соң берілуі мүмкін жауаптардың үлгілері ұсынылады («қылмыс ашылды және кінәлі жазаланды», «қылмыс ашылған жоқ», «менен арыз қабылдаған жоқ» және т.б.).

Аталған үш сұраққа жауаптарды талдау латенттілік пен оның кейбір себептері туралы ақпарат береді. Сауалнама түрлі қылмыстардан зардап шеккендер мен құқыққорғау органдарына хабарлағандардың санын сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Криминологиялық зерттеулер жүргізу барысында тұтынушыларды алдаудан зардап шеккендер саны бұзақылық әрекеттерден зардап шеккендер санынан көп екендігі айқындалды, бірақ соңғылары полицияға көбірек жүгінген. Сондықтан полиция бұзақылық фактісін тұтынушыларды алдау фактілеріне қарағанда жиі тіркеген. Мұндай көрініс тіркелген қылмыстылықтың құрылымын фактілік қылмыстылыққа салыстырғанда теріс жағынан көрсетеді.

Кейде, сауалнамадан өтушіні осы жылы қылмыстардың жәбірленушісі тек ол өзі ғана емес, сонымен қатар оның отбасының мүшелері болмады ма деген сұраққа жауап беруді сұрайды. Бұл жерде сауалнама мәліметтері бойынша отбасылардың виктимділігі анықталады. [5,98]

Одан бөлек, сауалнамадан өтушілерден өздері қылмыс жасады ма, жасаса, онда қандай қылмыс жасады деген сұрақтар қойылатын сауалнамалар да тәжірибеде кең қолданылады. Бұл АҚШ-та, Скандинавия елдерінде және т.б. елдерде таралған.

Мұндай тәсіл сұрақтың ұқыпты және сыпайы қойылуын талап етеді. Мысалы, 2005-2006 жылдары Ресейдің түрлі қалаларында азаматтарға сұрақ келесідей нысанда қойылды: «Сіз соңғы жыл ағымында келесідей әрекеттерді жасадыңыз ба?». Бұдан кейін оларға құқыққа қайшы әрекеттердің тізімі берілді.

Шетелде эксперимент секілді әдіс те қолданылады. Г.Й.Шнайдер мұндай

эксперименттердің біреуін сипаттайды: « Фрайбургтағы үлкен универсамның өзіне-өзі қызмет ету бөлімінде Эрхард Бланкенбург эксперимент аясында күндізгі уақытта, 15:00 мен 18:00 аралығында әрбіреуіне бір бақылаушыны ерте отырып екі «ұрыны» қолдану арқылы дүкен «ұрлықтарын» жасады. Бөлім басқармасы эксперимент жайлы хабардар болды және оған келісті. Бірақ қызмет көрсетуші персонал ол жайлы ақпараттанған жоқ. Эксперимент дүкендік ұрының «қалыпты» іс-әрекет жасаған кездегі оған төнетін «қауіп» деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді... Әрбір эксперименттен соң «ұры» да, «бақылаушы» да өз әрекеттерінің хаттамасын құрды. «Ұрлықтың» 40 жағдайының біреуі де ашылған жоқ. 39 «ұрлық» соңына дейін жеткізілді, тек бір жағдайда «ұры» өз ойынан оған бақылау жасап отырғанын сезгендіктен бас тартты. Бірақ бұл «ұрлық» та шын мәнісінде ашылған жоқ, тек оны жасауға кедергі келтірді. Тағы бір айта кететін қызықты мән-жай, өзге сатып алушылар екі «ұрлықты» байқады, бірақ бірде біреуі ол жайлы дүкенге хабарлаған жоқ.

Бұл эксперименттердің тиімділігі, олар халықтың қылмыстарды байқап тұрып ол туралы хабарламайтындығын анықтады, міне осы себепті қылмыстылықтың латенттілігінің деңгейі жоғарылайды. Осындай әдістерді қолдана отырып қылмыстылықтың латенттілігін зерттеу жүзеге асырылады.

Қорытындыда соттылық, ашылмаған қылмыстылық, анықталған латентті қылмыстар туралы мәліметтерді механикалық жиынтықтауға болмайтындығын атап өткен жөн. Біріншіден, фактілер мен адамдарды біріктіруге болмайды. Ашылмаған қылмыстар фактілер бойынша тіркеледі, ал сот статистикасы адамдарды есепке алады. Кейде екі миллиондай қылмыс тіркеліп, тек бір миллион адам ғана ұсталады. Яғни миллионға жуық қылмыстар ашылмай қалады. Бірақ бір тұлға оншақты қылмыстар жасауы мүмкін, сондықтан мұндай сәйкестендіру дұрыс емес.

Екіншіден, қылмыстық статистика жасалғанның заңи саралануы аспектісінде қылмыстар мен қылмыскерлерді есепке алады. Белгілі бір әрекеттің латенттілік фактісін анықтау ол туралы мәліметтердің заңда белгіленген тәртіпте қосымша өңдеуден өткізуін талап етеді.

Латенттілікті талдаудың материалдары қылмыстар туралы арыздар мен хабарлауларды шешудің заңдылығын, алдын-ала тергеудің заңдылығын, қылмыстық істердің жеке категорияларын соттық талқылаудың заңдылығын тексеру мәселесін белгілеуге негіз болады.

Сонымен, қылмыстылықты талдаудан соң заңдылықтың бұзылуын анықтауға бағытталған күрделі жұмыс жүргізілуі тиіс. Тек осы жағдайда ғана қылмыстардың латенттілігі деңгейінің өсуі туралы, қылмыстық статистиканың дұрыс жүргізілуін реттеу туралы толық қорытынды жасауға болады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Криминология: учеб. пособие / Т.В. Варчук. - М. : ИНФРА-М, 2002.
2. Криминология. Теория, история, эмпирическая база, социальный контроль: курс лекций / Я.И. Гилинский. - СПб. : Питер, 2002.
3. Криминология: учеб. пособие / Г.И. Богуш; Ред. Н.Ф. Кузнецова. - М. : Проспект, 2006
4. Долгова А. И. Криминология. 2-е изд. М.: Норма, 2005.
5. Краткий курс по криминологии: учеб. пособие / Л.В. Смолина. - М : Окей-книга, 2013.